

## №8 ЖББМ. КММ.

### Мектепішілік «Еңбегі адал жас өрен» жобасының іске асыру жоспары бс йынша, қараша айында өткізілген іс- шара туралы Анықтама

Қоғамда , ұрпақ тәрбиесінде ананың, әкенің ұлтты тәрбиелеуде әлемдегі болашақты жасаудағы жасампаздық ролін кең түрде насихаттау барысында «**Әкеге-ізет, анаға-күрмет**» сынып сағаты өткізілді, мақсаты: Ана туралы, әке туралы аталы сөздерден ғибрат алуға баулу: оқушыларды өз ата-анасын құрметтеп, ықласпен қарым-қатынас жасауға үйрету. «**Ұлы дала перзентімін**» -атты тәрбие сағаты өтті. Тренингпен басталып. «Отан деген не?, Туған жеріңе не бересің» ойыны яғни оқушылардың пікірлері, сөзжұмбақ, постер қорғау, сұрақ-жауап ойынымен жалғастырып, сабақтың соңында «**Менің жетістігім**» әдісімен аяқталды. «**Қоғамға қызмет ет**» дөңгелек үстел, сұрақтар, коллаж жасау оны қорғау, шағын жоба дайындау, өлең жолдарын жазып, ән шығару, тақырыпқа сай эссе жазу әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы өткізілді. Презентация түрінде «**Оян, ар мен адалдық**» тақырыбында сынып сағаты өтілді. Мақсаты: адалдық асыл қасиет екендігін түсіндіру. Слайдта нақыл сөздер мен ой-толғаныс, адамгершіліктің қарапайым қағидалары, құндылықтар көрсетілді. «**Бейбітшілік пен келісім сабақтары**» атты сынып сағаты; ширату жаттығулары «тосын сұрақтар», «суреттер сөйлейді», «спин сұрақтар», «жоспар құру»әдістері арқылы пысықтау, «бес саусақ»әдісімен рефлексия жасалды. Сынып сағаттың тақырыбы: «**Үнемділік инноваторы**», мақсаты: энергия оның түрлері туралы түсінік беру арқылы ой-өрісін кеңейту, білімін шыңдау. Тәрбие сағаты барысында мынандай әдіс-тәсілдерді қолдандым; «ыстық алақан», «ыстық орындық», кластер құрастыру, мәтінмен және тапсырмамен жұмыс, «қос шеңбер», «рапт», «сандар сөйлейді»стратегиясы, «ривин кестесі», «мозайка», «3-2-1»стратегиясы.

